


«Торайғыров университеті» КЕ АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
**БЕКІТІЛДІ**  
26.10.2020ж. № 2 хаттама



## «Торайғыров университеті» КЕ АҚ профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына конкурстық орналасу қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1.1 Осы «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына конкурстық орналасу қағидасы (бұдан әрі – қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабы 2-тармағының 2 және 3-тармақшаларымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен «Торайғыров университет» КЕАҚ арасындағы кадр саясатында меритократия қағидаттарын бекіту жөніндегі негіздемелік келісімді бекітеді және «Торайғыров университет» КЕАҚ штат кестесінде көзделген профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына (бұдан әрі – штаттық лауазымдар) конкурстық орналасу тәртібімен қарастырылған, 30.10.2018 жылғы тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидасының 2020 жылғы 18 мамырдағы өзгерістермен және толықтыруларына сәйкес әзірленді.

1.2 «Торайғыров университет» коммерциялық емес акционерлік қоғамының профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына конкурстық орналасу қағидалары негізінде дайындалды:

- адами ресурстарды дамыту қағидаты;
- заңдылық қағидаты;
- меритократия қағидаты;
- еңбек саласындағы кемсітушілікке тыйым салу
- қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығы;

1.3 Конкурстық рәсімдерді ұйымдастырушы-университеттің HR-қызметі.

1.4 «Торайғыров университетінің» профессорлық-оқытушылық құрамының лауазымдарына орналасу конкурсына ғылыми дәрежесі бар, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, ғылым магистрінің академиялық дәрежесі бар, өндірісте практикалық тәжірибесі бар тұлғалар жіберіледі.

1.5 «Орындаушылық өнер», «Дене шынықтыру және спорт» кафедраларында қауымдастырылған профессорлар (доцент), профессорлар лауазымдарына орналасу конкурсына тиісті ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі жоқ, бірақ практикалық жұмыс тәжірибесі бар және осы мамандық бойынша танылған жетістіктері бар мамандар жіберіледі (ҚР Еңбек сіңірген қайраткері).

## 2. Конкурс туралы хабарландыру

Профессор-оқытушылар құрамы қатарынан бос лауазымдар алдын ала штат негізінде қалыптастырылады.

Профессор-оқытушылар құрамының штат санын жоспарлау және бос ставкалардың болуы туралы мәліметтердің дұрыстығына кафедра меңгерушісі академиялық колдау басқармасымен бірлесіп, бос ставкалардың санын көрсете отырып, ұсынылған өтінімге сәйкес жауап береді

2.1 Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

1) профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымының атауы, кафедраның атауы;

2) орналасқан жері (заңды мекенжайы) көрсетілген университеттің атауы, иошталық, электрондық мекенжайы, телефоны;

3) құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні мен уақыты;

4) үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес айқындалатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар;

5) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі.

Өтініш берушілер университет сайтында өтініш береді. Өтінім тіркеу нысаны түрінде толтырылады, онда деректерді (мәтіндік, сандық) енгізуге арналған негізгі жолдар және растайтын құжаттарды (сканерленген нұскалар) жүктеуге арналған нысандар ұсынылған)

Өтініш берушілер мынадай ақпаратты қамтитын түйіндемені толтырады:

- жеке мәліметтер;

- мамандық бойынша біліктілігін көрсете отырып, білім берудің барлық түрлері;

- ғылыми немесе академиялық дәрежесінің болуы;

- соңғы бес жылда біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәліметтер;

- университеттің ғылыми хатшысы куәландырған жарияланымдар тізімі қоса берілген жарияланымдар саны;

- ғылыми жобаларға қатысу туралы ақпарат;

- коммерцияландырылатын жобаларға қатысу;

- шет тілдерін білуі туралы ақпарат.

## 3. Бос лауазымға орналасуға конкурс бойынша өтуге жататын лауазымдар тізбесі

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының 45 бабының 1 тармағына сәйкес «Қызметкер мен білім беру ұйымының еңбек қатынастары» Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасымен реттеледі.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында педагогтер мен ғылыми қызметкерлер (профессорлық-оқытушылық құрам) лауазымдарына орналасу конкурстық негізде жүзеге асырылады.

- Профессор-оқытушылар құрамы қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін оқытушылардан басқа;

- Факультет декандары;

- Кафедра менгерушілері.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған тұлғалар ерекше жағдай болып табылады, олар. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 24-тармағына сәйкес тараптардың өзара келісімі бойынша еңбек шарттарын жыл сайын ұзартуға құқылы.

#### **4. Конкурстық комиссияны құру**

4.1 «Торайғыров университет» КЕАҚ-ның профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына орналасуға конкурстық комиссияның (бұдан әрі – конкурстық комиссия) саны мен дербес құрамын және оның өкілеттік мерзімдерін «Торайғыров университет» КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректоры айқындайды.

4.2 Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

1) конкурсқа қатысу үшін барлығына тең мүмкіндіктер беру;  
2) конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;  
3) конкурс өткізудің объективтілігінің, жариялылығының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

4) Конкурстық комиссия отырыстарының кестесін айқындау;

5) конкурстық құжаттамаға талдау жүргізу;

6) конкурс қорытындысы бойынша шешім шығару.

4.3 Конкурстық комиссия мынадай құрамда құрылады:

1) конкурстық комиссияның төрағасы – Басқарма Төрағасының академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары;

2) конкурстық комиссия төрағасының орынбасары – Басқарма төрағасының орынбасары;

3) конкурстық комиссияның хатшысы – HR-қызметінің қызметкері;

4) құрамы үш адамнан кем емес Конкурстық комиссия мүшелері (факультет декандары, HR-қызметінің өкілі, құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасының өкілі, ұжым қатарынан 2 өкіл, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының өкілі (Павлодар облысы бойынша МҚІСҚА департаменті басшылығының келісімі бойынша, қоғамдық ұйымдардың өкілі).

#### **5. Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдау және қарау**

5.1. Конкурсқа қатысу үшін университеттің HR-қызметіне белгіленген тізбеге сәйкес құжаттар ұсынылады.

Бос лауазымдар конкурсына өтініш хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей беріледі.

1) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш

2) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) № 086 нысан бойынша Медициналық анықтама);

4) жоғары білім, академиялық және ғылыми дәреже туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжат және салыстыру үшін түпнұсқалары;

5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті беретін адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы есептер бойынша мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;

6) «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтыны туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы;

7) «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша, конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтындығы туралы Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (болған жағдайда) және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары;

9) университеттің ғылыми хатшысы куәландырған ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі (жарияланымдары болмаған жағдайда, өтініш беруші факультет меңгерушісі мен деканның өтінішін ұсынады);

10) оқытушының 3 жылға арналған жұмыс жоспары;

11) кафедра меңгерушісі лауазымына үміткерлер Университеттің даму жоспарына сәйкес кафедра дамуының перспективалық жоспарын, факультет декандары Университеттің даму жоспарына сәйкес факультеттің даму жоспарын ұсынады.

5.2 Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар), сондай-ақ жұмыс тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы;

5.3 Осы тармақта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбау конкурсқа қатысуға жіберуден бас тарту үшін негіз болып табылады;

5.4 Хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін қажетті құжаттарды тапсырған тұлғалар конкурсқа қатысушылар болып табылады

## **6. Байқауды өткізу тәртібі**

Университеттің HR-қызметі:

- 1) Конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды;;
- 2) конкурсты өткізу күні мен орнын айқындайды;;
- 3) конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдауды, талдауды, тіркеуді және сақтауды жүргізеді;;
- 4) комиссия отырысын ұйымдастырады.

6.1 Байқау келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) білім беру саласындағы нормативтік құжаттарды білу мәніне тестілеу;
- 2) факультет декандарының ұсынысы негізінде кафедра меңгерушісі лауазымына бос лауазымға орналасуға кандидаттар конкурс өткізген жағдайда

оқытушының 3 жылға арналған жұмыс жоспарын ұсына отырып, кафедра меңгерушісінің ұсынысы негізінде кандидаттармен әңгімелесу өткізу;

Кафедра меңгерушісі және факультет деканы қызметіне бәсекелестік болмаған жағдайда, Комиссия конкурсты өтпеді деп тану құқығын өзіне қалдырады, кандидаттар конкурсқа қайта қатысуға құқылы және бәсекелестік болмаған жағдайда комиссия мәлімделген кандидатураны қарауға құқылы

3) конкурстың қорытындысын шығару.

6.2 Әңгімелесудің мақсаты бос лауазымына конкурс жарияланған нақты жоғары оқу орнының ерекшеліктерін, үлгілік біліктілік сипаттамаларын ескере отырып, кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

6.3 Осыдан кейін конкурстық комиссия профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық іріктеу бойынша ашық немесе жасырын дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.

6.4 Дауыс беру кезінде конкурстық комиссияның шешімі конкурстық комиссия мүшелері жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Конкурстық комиссияның отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

6.5 Талқылау барысы мен конкурстық комиссия қабылдаған шешім хаттама түрінде ресімделеді, оған Комиссияның барлық мүшелері мен конкурстық комиссияның хатшысы қол қояды.

6.6 Конкурстық комиссияның ерекше пікірі бар мүшелері оны білдірген жағдайда оны жазбаша нысанда баяндайды, ол хаттамаға қоса беріледі.

6.7 Кандидатурамен келісу немесе келіспеу әрбір кандидаттың тегіне қарсы «келісемін» немесе «келіспеймін» деген сөздермен білдіріледі.

6.8 Дауыстарды санау үшін конкурстық комиссия дауыс беру басталар алдында Конкурстық комиссия арасынан құрамында кемінде үш комиссия мүшесі бар есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы әрбір кандидатура бойынша дауыс беру нәтижелерін жария етеді. Есеп комиссиясының хаттамасын Конкурстық комиссия бекітеді және конкурс материалдарына тігіледі.

6.9 Егер дауыс беруге оның мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысса, конкурс өткізу кезіндегі конкурстық комиссияның шешімі жарамды болып табылады.

6.10 Кандидат, егер оған Комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда, оң қорытынды алады. Дауыстар тең болған жағдайда, дауыс беру кезінде комиссия төрағасының дауысы шешуші.

Конкурстық комиссияның шешімі, егер ол осы қағидаларды сақтай отырып қабылданса, түпкілікті болып табылады.

6.11 Дауыс беру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия бос лауазымға әрбір үміткер бойынша еңбек шартын жасасу үшін «ұсынылады» немесе «ұсынылмайды» деген жазумен ұсынымдар дайындайды.

6.12 Жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлері лауазымдарына орналасу конкурсының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты жасалады.

## **7. Шағымдану тәртібі**

7.1 Конкурса қатысушылар өздеріне қатысты бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссияның шешімдерімен таныса алады.

7.2 Конкурса қатысушылар комиссия шешіміне заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

## Қосымша А

(Конкурсқа қатысуға өтініштің үлгісі)

«Торайғыров университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы  
ПОҚ лауазымдарға конкурстық орналасуы  
бойынша комиссия төрағасы П.О. Быковқа  
**Техника ғылымдарының кандидаты**  
**«Механика және мұнай газ» кафедрасының**  
**қауымдастырылған профессоры (доценті)**  
**Наталья Ивановна Петровадан**  
**Мекен жайы: Павлодар қ. Катаев көшесі,**  
**160 үй, 15 пәтер**  
**Үй тел. 20-46-80**  
**Ұялы тел. 8-700-000-00-00**

Өтініш

*Faculty of engineering (Инженерия факультетінің) «Механика және мұнай газ» кафедрасына қауымдастырылған профессор (доцент) лауазымына 2020 жылдың «11» тамыздағы [tou.edu.kz/tu](http://tou.edu.kz/tu) сайтында жарияланған хабарландыруға сәйкес бос орын бойынша конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.*

Конкурсқа қатысушының  
қолы

Өтініш жазылған күн



**Қосымша Б**  
(анықтама)

**Бюллетень**

**«Торайғыров университеті» КЕАҚ-ның  
бос лауазымдарға орналасуға профессор-оқытушылар құрамының  
лауазымына конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беру үшін**

\_\_\_\_\_ 20\_\_ отырыстағы хаттама № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ лауазымға

№	Үміткердің Тегі, Аты, Әкесінің аты	Кафедра	Дауыс беру қорытындысы	
			<i>Келісемін</i>	<i>Келіспеймін</i>
1				

Ескертпелер

1. Тегі әліпбилік тәртіппен енгізіледі.
2. Кандидатураны «жақтап» дауыс беру нәтижелері «келіспеймін» деген сөзді сызып тастау арқылы, «қарсы» деген дауыс беру кезінде «келісемін» деген сөзді сызып тастау арқылы көрсетіледі.
3. Комиссия мүшесі «келісемін», «келіспеймін» деген сөздермен дауыс беретін кандидатуралар саны жарияланған бірліктер санынан аспауға тиіс.
4. Көрсетілген қағидалар бұзыла отырып толтырылған Бюллетень жарамсыз деп танылады.